

Бекітемін: *Асан*
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасының
Әдіскері: А.Ә.Жақсылықова

Ересектер «Ер төстік» тобы

«Анам менің ең қымбат жан аяулы, Жүрегі жұмсақ алақаны аялы»



Тәрбиешілер: Әміреева Алтын
Ходжа-Ахметова Камшат

Таушық 2025 жыл

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті әріптестер, аяулы ата аналар, көрікті қыздар.

Көктемнің алғашқы 8 наурыз мерекесі құтты болсын!

Сіздерден өскен балалар

Батырлар мен даналар.

Құттықтаймыз мейраммен,

Құрметті абзал аналар, – дей келе құттықтау сөз кезегі балабақша директоры:

Алмагүл Ерболатқызына беріледі (директор сөз сөйлейді).

Жүргізуші: Өмірдің иесі сен ғазиз ана

Келтірген дүниеге нелер дана.

Анасыз батыр да жоқ ақын да жоқ,

Өмірдің алтын кілті сонда ғана -деп жырлағандай бүгінгі ересектер «Ертөстік» тобының бүлдіршіндерінің «Анам менің ең қымбат жан аяулы, Жүрегі жұмсақ алақаны аялы» атты мерекелік аналар мен әжелеріне арналған ертеңгілігіне қош келдіңіздер! Олай болса ортаға жігіттерімізді қошеметпен ортаға шақырамыз. (жігіттер гүлмен кіреді). Бүгінгі мерекенің сәні болған, көктемнің гүлі болған, көрікті әдемі, қызғалдақ қыздарымызды ортаға шақырамыз. (Жігіттер қыздарға гүл сыйлайды).

Жүргізуші: Ару - Ана өмірдің асылдары,

Жайнасын көңілімнің жасыл бағы.

Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,

Сендер үшін мереке шашулары-деп, асыл аналарымызға арналған ән шашуымызбен ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ән: «Аяулы анашым» (ӘН ОРЫНДАЛАДЫ)

Жүргізуші: Ана деген – бастауы ұлылықтың.

Ана деген - рәмізі сұлулықтың.

Ана деген - бір жыр бар шырқалатын,

Асқақтатар биікке ұрпақ атын-деп келесі балалардың ана туралы өлең шумақтарына кезек береміз.

Мадина:

Айналайын анашым

Әлемдегі жан асыл,

Болса маған не керек.

Бәрін іздеп табасың

Айналайын анашым,

Асқар таудай панасың.

Күн көзіндей күлімдеп,

Құшағыңа аласың.

Әдемі:

Бір қолымен әлемді
Тербететін дарамыз,
Даналардың данасы.
Біздің нағыз анамыз.

Тәуекел:

Мен анамды сүйемін.
Сөзін ойға түйемін.
Анамызды ардақтап,
Басымды оған иемін.

Томирис:

Айналайын анашым,
Үлкейдім мен қарашы,
Маңдайымнан иіскеп ап,
Шаштарымды тарашы.

Айдай:

Ең жақсы сөз-ана,
Ең жақсы сөз-бала.
Өсіп жатса бала
Ана оған пана.
Аман болсын ана,
Аман болсын бала.

Бекбол.

Аспандағы айымсың.
Бақытыма балаған
Құтты болсын, мерекең.
Айналайын жан анам.

Айару:

Анам, анам, ақ анам,
Мен өзіңдей ақ балаң.
Айтқан тілді аламын.
Жұмсағанда барамын

Бақжет:

Менің анам,анам
Өзіңнен қуат алам.
Әлпештеген мені.
Анам менің панам.

Кәусар:

Ақ сүт берген балаңа
Күш-жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан анам
Тең келеді кім саған?

Жүргізуші:

Күнінде гүл көктемнің нұрын шашып,
Жасқанбай әр қадамын нық - нық басып,
Биімен көрерменді тәнті ететін
Арулар келді міне толқып, тасып-деп ортаға «Тауыс биімен» биші
қыздарымызды қарсы алыңыздар.

Би: «Тауыс би» (Аделя, Айзере, Аянат, Күнтай, Раяна)

Жүргізуші:

Олай болса әнші қыздарды қарсы алайық.
Дауысына сүйсініп тамсанайық.
әншілердің талантына тәнті болып,
Уа, халайық, жұмыла қол соғайық!

ортаға тобымыздың әнші қыздарын «Анашым» әнімен қарсы алыңыздар!

Ән: «Анашым» (Айдай,Алуа, Әдемі)

Жүргізуші:

Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді
Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі-деп, ардақты әжелерімізге арналған жыр шумақтарына
кезек береміз. (Бекнұр, Алуа, Ибрахим, Аянат)

Бекнұр:

Менің әжем, ақ әжем.
Ұл мен қыздың бағы әжем
Ертегі айтып бер десең.
Айтып берер тағы әжем.

Алуа:

Таусылмайды өлеңі
Күнде айтып береді.
Барған сайын бір жаққа.

Кәмпит алып келеді.

Әжем мені өйткені

Өте жақсы көреді.

Ибрахим:

Мен әжемді сүйемін.

Киімді өзім киемін.

Ақылына көнемін.

Өлең айтып беремін.

Аянат:

Әжем менің асыл жан.

Жақсылыққа үйретіп,

Жамандықтан шектейді.

Әжеме ешкім жетпейді.

Жүргізуші: (Күнтай) ортада жұп биімен бишілерді қарсы алыңыздар.

Би: «Ретро» (Ақыл-Айдай, Бағдат-Айару, Тобыш-Әдемі, Исмайл-Алуа)

Жүргізуші: (Тобыш) ортаға «Ертегілер» әнімен Қосай Аянатты шақырамыз. Билейтін қыздар: (Кәусар, Әлия, Қарақат, Томирис, Мадина.

Жүргізуші:

Әркімнің де өмірден аласы бар,

Аласы бар адамның анасы бар.

Мерекесін құттықтап аналардың,

Жыр шумағын жолдайтын баласы бар-дей келе, кезекті аналарымызға арналған өлең шумақтарына береміз.

Айзере:

Жаным менің анам

Қайталанбас дарам

Дәл өзіңе ана

Жетпес сан мың ғалам.

Раяна:

Теңдесі жоқ данасың

Арқа сүйер панасың

Еңбегіңді ақтаймын.

Аман болшы анашым.

Күнтай:

Құшақ толы мейірім

Пейілге алтын қанамыз.

Анаң барда ақылды.

Бәрімізді де данамыз.

Исмайл:

Қозы бағып жүргенде

Жаңбыр жауды
Бір тамшысын әкелдім
Анам саған.
Қырды таудан
Бір шоқ теріп әкелдім
Анам саған!

Тобыш:

Бақыт сыйлап баршаға
Әлпештеген данамыз.
Әрқашанда өзіңнің
Алдыңда біз баламыз.

Бағдат:

Ақ қабақты анашым.
Күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын.
Айналайын анашым.

Ақыл:

Ана деген ардақты
Үйге барын арнапты.
Ұл қызы үшін аянбай.
Еңбек етер жан-жақты.

Жүргізуші: Ертөстік тобының тәрбиеленушісі Жақсыбекова Томиристің анасы Хиуаз Аратқызы бүгінгі мерекелік шарамызға өзінің ән шашуын ала келген. Ендеше тамашалаңыздар.

Ән: «» Хиуаз Аратқызы

Жүргізуші:

Беретін тәрбиесін немереге.
Сүйсініпте қарайтын шөбереге,
Бар жақсылық тілейді әже деген,
Аман болсын аяулы, асыл әжем-дей кле кезекті әжелер биіне береміз.

Би: «Әжелер» (Бекнұр, Ибрахим, Бақжет, Бекбол, Ақыл, Мейіржан)

Жүргізуші: Ата-аналармен ойын: «Кім жылдам?»

Шарты: Ұлдардың аналары шар үреміз, осы шарды лақтыру арқылы, балаларды шапшаң кейіндіреміз.

Жүргізуші:

Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған.

Даланың әр гүлін, жинадың сен маған,

Тіршілікке нәр берген ана сүті қандай құдіретті-дей келе, бүлдіршіндерімізді аналарына арнаған «Ана деп ән салам» әнімен ортаға шақырайық.

Хор: «Ана деп ән салам»

Ана – барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы. Олар үшін бірінші орында бөбегінің амандығы, отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп аялаған ана бақыт құшағында емес пе?!

Бір өзіңнен бастап өмір жолдарын,

Жүрегіңе, жүрегімді жалғадым.

Өзің мына сыйға берген өмірде

Ақ сүтіңді ақтап өту - арманым.

Барша ана, құтты болсын мерекеңіз

Әрқашанда ана сізбен берекеміз.

Ақтасақ ақ сүтіңді, асыл анам.

Сонда біз кісілікке теңесеміз-деп бүгінгі Ересектер «Ертөстік» тобының

«Анам менің ең қымбат жан аяулы, Жүрегі жұмсақ алақаны аялы» атты

мерекелік ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Мерекелеріңіз тағыда құтты болсын,

аяулы аналар, және ардақты әжелер!

Шуақты күндерде кездескенше!





